

19 Protection of human rights in the context of the COVID-19 pandemic. / <https://www.un.org/ru/coronavirus/protecting-human-rights-amid-covid-19-crisis>, open access mode, accessed April 17, 2021.

20 Hesse K. *Fundamentals of constitutional law of the FRG*. - M.: Jurid. lit., 1981. – 163 p.

21 Podmarev A.A. Restriction of human and civil rights and freedoms: definition of the constitutional concept // *Legal culture – 2011 – №1(10)*. - P. 130.

22 Sim A.V. The problem of restriction of human rights and freedoms // *Legal technique – 2018 – No. 2*. - p. 56.

23 Universal Declaration of Human Rights (adopted by the UN General Assembly on 10.12.1948). / https://www.un.org/ru/documents/decl_conv/declarations/declhr.shtml, open access mode, date May 15 2021.

24 Mullerson R.A. *Human rights: ideas, norms, reality*. - M.: 1991. – 24 p.

25 Umarova A. A. Standarty ogranichenij prav i svobod v aktah sovremennogo mezhdunarodnogo prava // *Probely v rossijskom zakonodatel'stve*. 2011. №2. URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/standarty-ogranicheniy-prav-i-svobod-v-aktah-sovremennogo-mezhdunarodnogo-prava> (data obrashhenija: 14.12.2025).

26 Prezident Mirzijojev oboznachil sem' napravlenij razvitija sektora zdravoohranenija v Uzbekistane [Elektron. resurs]. – 2022. – URL: <https://kun.uz/en/23410493#/>

27 Gafiatulina N.Kh., Kasyanov V.V., Samygin P.S., Samygin S.I. *Social Effects and Consequences of the COVID-19 Pandemic [Text]: Monograph* / N. Kh. Gafiatulina, V. V. Kasyanov, P. S. Samygin, S. I. Samygin; ed. by M. A. Vaskov. – Moscow: RUSAYNS, 2020. – 178 p.

28 Lungu E. V. Pandemic COVID-19. New challenge to constitutional relations. // *Law Enforcement*. 2020; 4(3): 69-75. [https://doi.org/10.24147/2542-1514.2020.4\(3\).69-75](https://doi.org/10.24147/2542-1514.2020.4(3).69-75).

АЗАМАТТЫҚ ҚҰҚЫҚ ЖӘНЕ ПРОЦЕСС. ЕҢБЕК ҚҰҚЫҒЫ. БІЛІМ БЕРУ ҚҰҚЫҒЫ

ГРАЖДАНСКОЕ ПРАВО И ПРОЦЕСС. ТРУДОВОЕ ПРАВО. ОБРАЗОВАТЕЛЬНОЕ ПРАВО

CIVIL LAW AND PROCESS. LABOR LAW. EDUCATIONAL LAW

ҒТАХР: 10.23.01

10.51889/2959-6181.2025.79.1.007

ӘОЖ: 346.26

Д.З.Копбаев.¹ , А.А.Сейтжан ^{1*} , С.Т.Мауяева ¹ 

¹ Нархоз Университеті

(e-mail: duman.kopbayev@narhoz.kz, *ainash.seitzhan@narhoz.kz, sandugash_01_83@list.ru)

**ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАҒДАРЫСТАРДЫ ЖЕҢУДЕГІ
КӘСІПКЕРЛІКТІҢ РӨЛІ: ҚҰҚЫҚТЫҚ АСПЕКТІЛЕР**

Аңдатпа

Мақалада кәзіргі кезеңдегі кәсіпкерлік қызметтің маңызы мен мәні айтылады. Әлеуметтік-дағдарыс жағдайында кәсіпкерлік қызметті құқықтық реттеу өзекті және сұранысқа ие. Ол кәсіпкерлік қызмет жайлы ғылыми ізденістер мен тұжырымды әзірлемелердің перспективасын қалыптастыруға жәрдемдеседі.

Мақалада авторлар кәсіпкерлік қызметтің негізгі белгілерінің әлеуметтік дағдарыс жағдайында өзіндік ерекшеліктері мен даму сипаттамаларының маңыздылығына, рөліне тоқталады.

Осыған байланысты еліміздің кәсіпкерлік қызметінің түсіндірмелері назар аударуға тұрарлық, ол азаматтың кәсіпкерлік тәуекелі осы қызметті жүзеге асыруды жалғастыру мүмкін болмайтын оқиғалардың пайда болу ықтималдығында екені де атап өтіледі. Кәсіпкерлік тәуекелдің кез-келген қызметпен қатар жүретіндігі туралы доктринада айтылған ұстаныммен ішінара келісе отырып, бұл кәсіпкерлік қызметтің қажетті сипаттамасы деп айтуға болады.

Сонымен бірге мақалада экономикадағы дағдарыстық құбылыстарға байланысты кәсіпкерлік қызметті реттейтін заңнаманың заңдылықтары, ерекшеліктері мен талаптары айтылады. Соның ішінде мақалада кәсіпкерлік құқықтың және кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырудың даму перспективалары туралы негізделген кешенді теориялық көзқарастан тұратын жекелеген аспектілерін ашатыны назар аудартады.

Түйін сөздер: экономика, әлеуметтік дағдарыс, кәсіпкерлік қызмет, экономикалық қызмет, инвестициялық қызмет, азаматтық кодекс, кәсіпкерлік кодекс, таза пайда, тәуекел, тәуелсіз.

Д.З.Копбаев¹, А.А.Сейтжан¹, С.Т.Мауяева¹

¹ Университет Нархоз

*(e-mail: duman.kopbayev@narxoz.kz, ainash.seitzhan@narxoz.kz,
sandugash_01_83@list.ru)*

РОЛЬ ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСТВА В ПРЕОДОЛЕНИИ СОЦИАЛЬНО-ЭКОНОМИЧЕСКИХ КРИЗИСОВ: ПРАВОВЫЕ АСПЕКТЫ

Аннотация

В статье рассматриваются важность и значение предпринимательской деятельности в современную эпоху. В условиях социально-кризисного развития правовое регулирование предпринимательской деятельности является актуальным и востребованным. Способствует формированию перспективы научных исследований и концептуальных разработок по предпринимательской деятельности.

В статье авторы акцентируют внимание на значении и роли основных черт предпринимательской деятельности, ее специфике и особенностях развития в условиях социального кризиса.

В этой связи стоит обратить внимание на разъяснения по предпринимательской деятельности нашей страны, где также отмечается, что предпринимательский риск

гражданина заключается в вероятности наступления событий, делающих невозможным дальнейшее осуществление этой деятельности. Частично соглашаясь с учением о том, что предпринимательский риск сопровождает любую деятельность, можно сказать, что это необходимая характеристика предпринимательской деятельности.

Вместе с тем в статье рассматриваются закономерности, особенности и требования законодательства, регулирующего предпринимательскую деятельность в связи с кризисными явлениями в экономике. Примечательно, что в статье на основе комплексного теоретического подхода раскрываются отдельные аспекты предпринимательского права и перспективы развития предпринимательской деятельности.

Ключевые слова: экономика, социальный кризис, предпринимательская деятельность, экономическая деятельность, инвестиционная деятельность. Гражданский кодекс, Предпринимательский кодекс, чистая прибыль, риск, независимый.

D.Z. Kopbayev¹, A.Seitzhan¹, S.Mauyayeva¹

Narxoz University

*(e-mail: duman.kopbayev@narxoz.kz, ainash.seitzhan@narxoz.kz,
sandugash_01_83@list.ru)*

THE ROLE OF ENTREPRENEURSHIP IN OVERCOMING SOCIO-ECONOMIC CRISES: LEGAL ASPECTS

Abstract

The article discusses the importance and significance of entrepreneurial activity in the modern era. In the context of social crisis development, legal regulation of entrepreneurial activity is relevant and in demand. It contributes to the formation of prospects for scientific research and conceptual developments in entrepreneurial activity.

In the article, the authors focus on the importance and role of the main features of entrepreneurial activity, its specificity and features of development in the context of social crisis.

In this regard, it is worth paying attention to the explanations on the entrepreneurial activity of our country, where it is also noted that the entrepreneurial risk of a citizen lies in the likelihood of events that make it impossible to further carry out this activity. Partially agreeing with the doctrine that entrepreneurial risk accompanies any activity, we can say that this is a necessary characteristic of entrepreneurial activity.

At the same time, the article discusses the patterns, features and requirements of the legislation regulating entrepreneurial activity in connection with crisis phenomena in the economy. It is noteworthy that the article, based on an integrated theoretical approach, reveals individual aspects of entrepreneurial law and prospects for the development of entrepreneurial activity.

Keywords: economics, social crisis, entrepreneurial activity, economic activity, investment activity. Civil Code, Business Code, net profit, risk, independent.

Негізгі ережелер

Кәсіпкерлік қызмет кез-келген заманауи мемлекеттің экономикасында басты орын алады. Оны құқықтық реттеудің тиімді тетігінің жұмыс істеуі дағдарыс жағдайында, мемлекет шаруашылық жүргізуші субъектілердің қызметіне араласуға мәжбүр болған кезде ерекше маңызға ие болады. Экономикалық жағдайдың күрделену кезеңінде бизнес пен қоғамды қолдауға бағытталған мемлекеттік шаралар жария және жеке мүдделердің тепе-теңдігін қамтамасыз етуге арналған.

Кәсіпкерлік қызмет саласында жұмыс жасайтын шаруашылық жүргізуші субъектілерге жаңа мүмкіндіктер мен кепілдіктер берілуде. Экономиканың маңызды салаларында жұмыс істейтін кәсіпкерлер азаматтық айналымға қатысқан кей жағдайларда жекелеген құқықтары

мен бостандықтары шектеліп жатады. Оның алдын алу үшін экономиканың неғұрлым көп кездесетін әрбір секторында кездесетін дағдарыстық жағдайларға байланысты мәселелерді анықтап алған жөн. Анықтап қана алмай, оларды шешу жолдарын анықтап алу қажет.

Әлеуметтік экономикалық дағдарыстар кезеңінде экономикалық қызмет, инвестициялық қызмет, инновациялық қызмет жайлы заңнамаларды бейімдеу мақсатын бірінші орынға қойған дұрыс. Өйткені, осы салалармен қатар, мемлекеттік әлеуметтік әріптестік, шағын, орта және жеке кәсіпкерлік сияқты аса маңызды салаларды құқықтық реттеуді ғылыми негіздеу өзекті және сұранысқа ие болып табылады.

Құқықтың дамуын алдын-ала белгіленген алгоритмдерге бағындыруға болмайды.

Олар экономикалық және әлеуметтік процестер қоғамның және оның институттарының өмірімен тығыз байланысты. Негізінен, олар бірқалыпты орнында тұрмағандықтан, толық болжау мүмкін емес. Дағдарыс кезеңіндегі кәсіпкерлік қызметті құқықтық реттеу олардың тұрақтылығы мен үдемелі дамуын қамтамасыз етеді. Өйткені, олар қоғамдық қатынастардың ажырамас бөлігі болғандықтан, оның маңызы дағдарыстық жағдайларда көп көрінеді.

Кіріспе

«Әркімге кәсіпкерлік қызметпен айналысуға еркіндік берілген. Және өз мүліктерін заңды негізді кәсіпкерлік үшін еркін пайдалануға да құқықтары бар» деп Қазақстан Республикасының Конституциясында бекітілген [1]. Осы Конституциялық постулаттан, ең алдымен, кәсіпкерлік қызмет кең ұжымдық Тұжырымдаманың – экономикалық қызметтің ажырамас бөлігі болып табылады деген қорытынды шығады. Осыған байланысты, кәсіпкерлік қызметтің неғұрлым дәл анықтамасын тұжырымдау үшін, біздің ойымызша, «Экономикалық қызмет» құқықтық категориясының мәнін ашып, оны заңнамада және доктринада қолданылатын басқа ұқсас ұғымдармен байланыстыру керек.

Негізінен, «Экономикалық қызмет» термині азаматтық құқықта, қылмыстық құқықта, әкімшілік құқық пен басқа заң салаларында жиі кездесе де оның нақты анықтамасы осы құқықтық салаларда берілмейді. Іс жүргізу заңнамаларында да экономикалық қызмет категориясы қолданылуына қарамастан, оның анықтамасы еш жерде ашылмайды.

Кезінде Ресей ғалымдарының еңбектерінде Экономикалық қызметке біраз анықтамалар берілген. Солардың бірінде, «оны материалдық және рухани игіліктер жасау қызметі, яғни, жеке тұлғаның, ұжымдардың қоғамның қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында тұтастай жасаған қызметі депте түсіндіріледі. Ондай жағдайда шығындардың өтелуі алынатын табыстың есебінен де жүргізілетіні ескеріледі» [2, 256 б.].

Сонымен бірге, экономикалық қызмет адамдардың материалдық игіліктер мен қызметтерді жүзеге асыру арқылы өз қажеттіліктерін қанағаттандыратын әртүрлі деңгейдегі іс әрекеттердің жиынтығы деп те мамандандырылған сөздіктерде анықтама беріледі.

Қызмет тауарларды немесе қызметтерді өндіруге және айырбастауға бағытталған немесе салдары болған кезде экономикалық болады. Экономикалық қызметтің күштерді қолданудың белгілі бір саласы бар: ауыл шаруашылығы, өнеркәсіптік, қолөнер, импорт, экспорт саласындағы қызмет, еркін кәсіп тұлғаларының қызметі және т. б. [3, 256 б.].

Негізінен экономикалық қызмет, экономикалық ғылымды зерттеу саласы. Дегенмен құқықтану саласында да бұл тұжырымдаманы құқықтық доктринада ашу үшін біраз еңбектер жасалды. Экономикалық қызмет кәсіпкерлік қызмет адамның экономикалық белсенділігінің бір түрі ретінде қоғамдық өндіріске қатыса отырып, өзінің және отбасы мүшелерінің өмірін қамтамасыз ету үшін қаржы алу тәсілі. Кәсіпкерлік қызмет ол өндіріс, бөлу, айырбастау және тұтыну сияқты кезеңдерді қамтитын материалдық және рухани байлықты молайту процесі ретінде анықталады.

Кәсіпкерлік қызмет дегеніміз жеке тұлғаның өзінің не үшінші тұлғалардың материалдық және рухани қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін өзінің қабілеті мен мүлкін пайдалану арқылы таза табыс пайда табуы.

Экономикалық қызметпен қатар кәсіпкерлік қызмет әртүрлі салаларда ол шаруашылық, сауда, комерциялық, сала болсын ол заңдарда, сот практикасында, ғылыми зерттеулердің тақырыбы болып табылады. Ол осы санаттардың арақатынасын анықтауға және бақылауға мүмкіндік беретіндігімен сипатталатындығын дұрыс көрсетеді [4, 206 б.].

Материалдар мен әдістер

Зерттеудің әдіснамалық негізі ретінде ғылыми білімнің заманауи әдістері жасалады. Олар зерттеу бойынша жан-жақтылықты, объективтілікті, сондай-ақ, берілетін ұсыныстарды тұжырымдауға мүмкіндік беретін өзара байланысты болжайтын танымның диалектикалық әдісі де қолданылады. Бұл авторларға дауды доктриналық мәселелер бойынша теориялық тұжырымдар жасауға мүмкіндік береді. Және осы әдістерді қолдану арқылы мақалада қолданылған құқықтық категориялар талданатын болады.

Шет елдердің әлеуметтік-экономикалық дағдарыс кезеңіндегі кәсіпкерлік қызметті құқықтық реттеудің тәжірибелері салыстырмалы талдау әдісі арқылы қолданады. Сонымен бірге, мақаланы талдау барысында тарихи-құқықтық және салыстырмалы-құқықтық әдістермен қатар, жүйелілік және логикалық талдау әдістерін қолдану барлық мәселелерді шешуге ықпал етті.

Әдебиеттерге шолу

Кәзіргі кезеңде салалық, салааралық зерттеулерде Кәсіпкерлік қызмет тетіктерінің дағдарыс жағдайында бір бірімен байланысын жан-жақты түсіндіретін әмбебап әдебиеттер әлі толық жолға қойылған жоқ деп айтуға болады.

Негізінен, біздің зерттеуіміздің теориялық негіздерін дағдарыс жағдайында кәсіпкерлік қызметтің ұғымын, маңызын, мәнін зерттеген отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектері құрайды. Олардың қатарында отандық ғалымдардан Есенбаева А.Е., Омарова К.А., Джусупова А.М., Хаджиева Г.У., Мороз С.П., Елшибаева Р.К., Альпейсова Ш.Е., Булхайрова Ж.С., Сеймагамбетова Г.А., Бериухамедова Г.Б., Қыздарбекова А.С., Асетова Г.Б., Сейдахметова А.С. және тағы басқалар бар.

Осы саланы зерттеген шетелдік экономистер мен заңгерлер қатарына Дмитриса Ф.Л., Гальгано Ф., Холден П., және ресейлік авторлардан Шувалов И.И., Ершова И.В., Жилинский С.Э., Аганина В.К., В.К. Андреев., Андреева Л.В сынды авторларды атауға болады. Бұл ғалымдар инновация мен инвестиция кезіндегі кәсіпкерліктің дамуын айтады

Бұл тек қазақстандық зерттеулерде ғана емес алыс және жақын шетелдік талдауларда да аз көрінеді. Жалпы кәсіпкерлік қызметтер жайлы ғылыми еңбектер көп болғанымен, әлеуметтік-экономикалық дағдарыс жағдайлары мен кезеңінде оның даму алғышарттары мен пәнаралық байланыстарын қарастыратын жұмыстар одан да сирек кездеседі.

Нәтижелер мен талқылаулар

Қазақстан Республикасының Конституциясында бастау алған кәсіпкерлік қызметпен азаматтар заңды тұлға құрмай-ақ айналыса алады – деп Қазақстан Республикасының Экономикалық кодексі аталған Азаматтық кодексімен бекітіледі [5].

Кәсіпкерліктің анықтамасы толықтай Азаматтық кодексте емес, Кәсіпкерлік кодексте берілген. Кәсіпкерлік дегеніміз – мүлікті пайдаланудан, тауарларды сатудан, жұмыстарды орындаудан және қызметтер көрсетуден жүйелі түрде пайда алуға бағытталған тәуелсіз, тәуекелмен жүзеге асырылатын қызметті айтамыз [6].

Кәсіпкерлікке осындай негізделген анықтама берілгеніне қарамастан, заң доктринасында кәсіпкерлік қызмет белгілерінің санын және олардың мазмұнын анықтаудың бірыңғай тәсілдері жоқ екендігі назар аудартады.

Кәсіпкерліктің негізгі белгілеріне оның дербестігі, тәуекелі, жүйелі түрде пайда табуы, пайда алу тәсілі жатса, қосымша белгісіне оның мемлекеттік тіркелуін жатқызуға болады [7, 95 б.].

Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексінің 2-бабының мәтінінен туындайтын кәсіпкерлік қызметтің алғашқы белгісі-пайда табуға бағытталған. Бұл оның экономикалық қызметін шектеуге мүмкіндік беретін маңызды белгісі деп есептеуге болады. Егерде пайда табу қасиеті болмаса оны кәсіпкерлік деп санауға болмайды. Дегенмен оны бірінші пайда табуды емес, кәсіпкердің сол пайда үшін жасауға бағытталған іс әрекетін жатқызуға болады.

Өйткені, азаматтық айналымнан пайда табу үшін алдымен оған өнімдерді, тауарларды, көрсетілетін қызметтерді енгізу керек. Онсыз пайда табу мүмкін емес. Кәсіпкер өніммен нарыққа шыға алмаса оның қызметін кәсіпкерлік қызмет деп саралауға болмайды.

Өйткені, барлық кезде пайда табуға бағытталған белгінің бар жоғы барлық кезде анықтала бермейді. Сондықтан өнімді айналымға шығару айрықша белгі ретінде оған қосымша өтелуі керек. Кәсіпкерлік қызметтің негізгі түрі– жүйелі түрде пайда табуға бағытталған және өнімін, жұмысын азаматтық айналымға ұдайы шығара алатын болу қажет.

Қазақстандық заң ғылымында кәсіпкерліктің осы пайда табу белгісі көп сынға ұшырағаны анық. Оның анықтамасына зер салып қарайтын болсақ, кәсіпкер мүлікті пайдаланудан, тауарларды сату сатып алудан, жұмыс орындау мен қызмет көрсетуден пайда алады. Осы анықтамадағы кәсіпкерлік қызметтің пайдасына емес бағыттарына назар аудару қажет. Бұнда қарасақ, кәсіпкерлік қызметте тауар өндіру жоқ.

Заң шығару процесінде бұл анықтама қаншалықты негізделген деп санауға болады. Бұны шешуде кәсіпкерліктің заңды анықтамасы салалық болып табылатынын ескеру керек, өйткені бұл Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің кәсіпкерлік қызметті реттейтін нормалары екенін анықтайды.

Кәсіпкерлік қызметтің маңызды белгісі оның тәуекелдік сипатында. Ол сондай – ақ «ең көне» - француз экономисі Р.Катильон, ол «кәсіпкер» терминінің әкесі болып саналады, кәсіпкерлік қызметтің айрықша белгісі ретінде тәуекел тұжырымдамасын алғашқылардың бірі болып ұсынған. «Кәсіпкер» түсінігі ғылыми категория ретінде атақты ағылшын экономисі Ричард Кантильонмен беріледі. Ол өзінің «Комерция табиғаты туралы жалпы мақала» атты кітабында сұраныс пен ұсыныстың арасындағы алшақтық нарық жағдайында кейбір субъектілерге тауар затты арзанға сатып алып, қымбат бағаға сатуға мүмкіндік беретін кәсіп деп пайымдайды. Оның француз тілінен аудармасы «делдал» деген мағынаға келеді. Кейіннен ол тауар өндіру саласында қызмет атқаратындарына назар аудара келіп, ол адамдар тек айналым саласында ғана емес басқа салаларда да бар кәсіпкерлер деген атау берді. Жәнеде олар өндірістік құрал жабдықтарға меншік иесі болуы міндетті емес екенінде атап өтті [8, 5 б.].

Алайда, құқықтық доктринада бұл белгі де сынға ұшырайды. Ресей ғалымы С.Е. Жилинский тәуекел әрбір кәсіпкердің қызметінде міндетті түрде болмайтынын атап өтеді [9, 27 б.]. Автор өзінің пайымдауының нәтижесінде «Тәуекел-бұл кәсіпкерліктің түрлік айырмашылығы немесе ерекшелігі емес. Бұл жалпы сипаттама. Кәсіпкерлік үшін бұл ресми және міндетті емес белгі» деп сипаттаған [10, 35 б.].

Осыған байланысты еліміздің салық қызметінің түсіндірмелері назар аударуға тұрарлық, ол азаматтың кәсіпкерлік тәуекелі осы қызметті жүзеге асыруды жалғастыру мүмкін болмайтын оқиғалардың пайда болу ықтималдығында екенін атап өтті. Тәуекелдің кез-келген қызметпен қатар жүретіндігі туралы доктринада айтылған ұстаныммен ішінара келісе отырып, бұл кәсіпкерлік қызметтің қажетті сипаттамасы деп айтуға болады. Заң шығарушы оны «өз тәуекелінде» жүзеге асырылатын деп анықтаған кезде, оны жүзеге асыру кезінде мүмкін болатын сәтсіздіктерге ғана назар аудармайды. Ол кәсіпкердің құқық субъектісі ретінде өз бастамасымен және толығымен жауапкершілікпен әрекет ететініне назар аударады. Қорытындысында кәсіпкердің барлық ықтимал қауіптерді есептеу және олардың алуға, оны болдырмауға тырысу міндетін көрсетеді. Ал егерде төтенше оқиғалар салдарынан

кәсіпкерлік қызмет өз тәуекелімен жауапкершілігімен заңға сайкес, келтірілген залалдардың, басқа субъектілерге келтірілген зиянды өтеуге қатысты жауапкершілік ала отырып, шеккен шығындар мен шығыстар ауыртпалығы жүктеледі.

Кәсіпкердің Тәуелсіздігінен бұрын оның тәуекелдік сипаты құқықтық тұжырымдамадан гөрі, экономикалық тұжырымдамаға келеді. Сондықтан оны құқықтану заңды тұжырымдамасы бойынша кәсіпкерліктің негізгі белгісінен алып тастауды ұсынады. [11, 78 б.]. Тәуелсіздік белгісі, яғни дербестік ол қандайда бір тұлғаларға тәуелсіз, басқалардан бөлек, өзгеше, өзінің күшімен, өз мүддесінде белгілі бір қызметті жүзеге асыру мүмкіндігі ретінде айқындалатынын біраз авторлар тілге тиек етеді.

Қазақстандық ғалым С.П. Мороз «кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын субъектілердің ұйымдық-құқықтық және мүліктік құқықтық оқшаулануы оның дербес сипаттамасының алғышарты» болатынын дұрыс атап көрсеткен.

Өйткені, кәсіпкер қолда бар ресурстарын пайдалана отырып, барлық шешімді өзі қабылдайды.

Кәсіпкерлік қызмет белгілерінің ішінен Тәуелсіздік белгісін алып тастау бізді қайтадан акционерлердің қызметін кәсіпкерлікке жатқызу туралы мәселеге қайтаруы мүмкін. Қазіргі уақытта салық қызметінің азаматтың кәсіпкерлік қызмет ретінде тәжірибелік қызметінің біліктілігі туралы түсіндірмелерінің өзі, кәсіпкерлік қызметтің тәуелсіздік белгісіне негізделген [11, 119 б.].

Кәсіпкерлік қызметтің негізгі белгілерінің бірі – тәуекелді мемлекет белгілі бір жағдайларда, яғни әлеуметтік экономикалық дағдарыс кезінде мемлекет өзі көтеретін тәуекел және жеке не шағын кәсіпкерліктің субъектілері көтеретін тәуекелдер деп бөлуге болады. Олар алдын ала жобалық құжаттамалау сатысында белгілеп алу керек. Оған негізгі жауапкершілік саласында критерии болу қажет. Өйткені, егер тәуекел жеке инвесторлардың қызметіне байланысты болса, жеке инвесторға жүктеледі. Ал мемлекеттік жауапкершілік саласына тиісті тәуекелдер мемлекеттік серіктестікке жүктелуі тиіс. Мұндай кәсіпкерлік тәуекелдер қайта құрылатын объектіге, серіктестіктердің оны пайдалану ерекшеліктеріне байланысты бөлінеді.

Кәсіпкерлік тәуекел қашанда сақтандырылуы қажет. Сақтандыру компаниялары оларды жеке сақтандыру келісімшарттарымен емес, сақтандыру бағдарламалары арқылы сақтандырады. Олар алдынала жоба бойынша жан-жақты қорғау пакетін ұсына отырып, серіктестіктердің әрқайсысының тәуекелдерін бірге емес, бөлек сақтандырады. Бұлай кәсіпкерлердің тәуекелін сақтандыру - әртүрлі қатысушылардың сақтандыруының өнімін береді. Сонымен қатар, сақтандыруды жабудағы олқылықтардың орнын жабуға және тәуекелдердің қайталануын жоюға көмектеседі [12, 57 б.].

Сондықтан, негізгі міндеті бірыңғай әдістемені пайдаланатын, біркелкі тарифтер бойынша тәуекелдерді бірлесіп сақтандыруды қамтамасыз ететін, сақтандыру корпорациясын құру керек. Ол мемлекеттік және жеке сақтандырушылардың қаражаты есебінен аралас капиталы бар тәуекелі бар сақтандыру корпорациясы болу керек. Бұл жағдайда кәсіпкерлердің экономикалық дағдарыс жағдайында тәуекелдерін сақтандыруға қатысты маңызды бар мәселелері шешілетін болады. Оның ішінде сақтандырудың, қайта сақтандыру, баға белгілеу, әдістеменің бірыңғай ережелерін де шешуге болады.

Бизнестік-ортаны, нарықтық қатынасты, кәсіпкерлердің кездесетін мәселелерін әлеуметтік-экономикалық дағдарыс кезеңінде кәсіпкерлік субъектілеріне тиімді қолдау көрсету негізінде ғана мүмкін болады. Ол үшін кәсіпкерлерді мемлекеттік қолдау тетігінің әлеуметтік және ғылыми әдістемелік негізімен қамтамасыз етілуі қажет.

Кәсіпкерлік саладағы мұндай тәсіл бәсекелестерді анықтауға және бәсекелестік деңгейін бағалауға мүмкіндік береді. Сондай-ақ, кәсіпорынның нарықтағы орнын анықтауға, тұтынушылардың тауарларға қызметтерге қажеттіліктерін, сұраныстарын зерделеуге жол ашады. Және тауарлардың келешегін болжауға және қызмет бағыттарын белгілеуге,

кәсіпкерлік қызметтің әлсіз жақтарын анықтауға болады. Қорытындысында, кәсіпкерлерді, бизнесті қолдау және қорғау бойынша шаралар кешенін болжауға мүмкіндік береді [13, 138 б.].

Қорытынды

Жоғарыдағылардың негізінде, Кәсіпкерлік қызметті экономикалық қызметтен ажыратып алатын аталған белгілерін заңды түрде анықтау және жүзеге асыру үшін саралауға мүмкіндік алдық.

Еліміздегі әлеуметтік-экономикалық реформалар мен қайта құруларды ілгерілету үшін, заңнамадағы, құқыққолдану тәжірибесіндегі кәсіпкерлік және экономикалық қызметтің нормативтік анықтамалары кәсіпкерліктің заңды мәнін дамытудың негізі болып табылады. Сонымен бірге, бизнес болып табылатын кәсіпкерліктің міндеттерін, жауапкершілігі мен рөлін, маңызы мен мәнін айқындай отырып, құқық пен заңнаманың бүкіл жүйесін дамытудың институционалдық негізде кәсіпкерлік қызметті тиімді реттеуге мүмкіндік беретін құқық пен экономиканың ажырамас байланысы мен өзара тәуелділігін анықтау болып табылады. Мемлекеттің экономикалық саясатының Бизнесінің утилитарлық сұраныстарына тар бағдарлануы кәсіпкерліктің нормативтік анықтамасының кемшіліктерімен алдын-ала анықталған және экономикалық өсу мен ұлттық экономиканың даму қарқынын бәсеңдететін деструктивті фактор болып табылады.

Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының стратегиялық мақсаттары мен міндеттері бизнес пен мемлекеттік билік институттары арасындағы ынтымақтастықты тереңдетуді, серіктестікті нығайтуды, мақсаттарды қайта бағыттауды және кәсіпкерлік қызметті түсінуді талап етеді. Қазақстан заңнамасындағы кәсіпкерлік қызметтің жүйелілік пен пайда табудың қайталама белгілеріне шоғырланған нормативтік анықтамасы нарықтық экономиканың қалыптасу кезеңіндегідей емес, қазіргі уақытта өзектілігін жоғалтты.

Ол сонау посткеңестік кезеңнен келе жатқан басқару жүйесін қайта құру мен кәсіпкерлік заңнаманы дамыту қажеттіліктерін көрсетті.

Қазіргі заман жағдайында кәсіпкерлік қызметті реттеудің экономикалық өсуі мен қоғамдық өндіріс жүйесіндегі рөлін айқындайтын және бекітетін жаңа құқықтық негіздері мен қағидаттары бар жаңа Кәсіпкерлік кодекспен бірге бірқатар заңнамалар қабылданды.

Сондада болашақта әлеуметтік кәсіпкерлікті дамыту бағыттарын айқындау, бизнестің мемлекет пен қоғам алдындағы әлеуметтік жүктемесі мен жауапкершілігін белгілеу талап етіледі.

Әлеуметтік-экономикалық қатынастар құрылымының тұрақты дамуы мен күрделенуімен байланысты кәсіпкерлік қызметтің бір ғана ерекшелігімен оның маңызын анықтау мүмкін емес. Дағдарыс және дағдарыстан тыс жағдайларда шаруашылық жүргізуші субъектілердің, кәсіпкерлердің қалау еркіндігінің шектерінің әмбебап анықтамасын заңнамалық тұрғыдан бекітудің мүмкін еместігі ол қоғамдық және жеке мүдделердің тепе-теңдігінің бұзылу қаупіне байланысты. Шағын және орта бизнес экономиканың ең аз қорғалатын секторы ретінде мұндай теңгерімсіздіктің болуы заңды болып көрінеді. Оның бір мысалы ретінде монополияға қарсы заңнаманың нормалары болып табылады. Заңнамаға сәйкес кәсіпкерліктің дамуына теріс әсер ететін монополияға қарсы заңнаманы бұзғаны үшін жауапкершілікке тартылуы мүмкін.

Тауар саудасы жүзеге асырылатын нарық концепциясының белгісіздігіне байланысты кәсіпкерлік субъектісін монополияға жатқызу тәуекелдері бар. Нарықтың географиялық шекарасы белгілі бір жағдайларда бір ғана сауда орталығымен локализациялануы қаланың аумағымен немесе оның жекелеген бөлігімен көрсетілуі мүмкін. Кәсіпкерлік қызметпен айналысатын субъектілер бір сауда орталығының шекарасында үстем жағдайға ие болуы мүмкін болсада бұл жалпы нарыққа әсер етпейді.

Қорыта келгенде, Кәсіпкерлік қызметтің теориялық анықтамасын Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексінде заңды түрде нақтылауға мүмкіндік алып, ұсынуға болады деп санаймыз. Қоғамдық өндіріс жүйесінде материалдық және рухани игіліктердің ұдайы өндірілуін қамтамасыз ететін және тауарларды сатудан немесе айырбастаудан, оларды айналымға енгізуден, мүлікті пайдаланудан, жұмыстарды орындаудан немесе қызметтер көрсетуден өз мүддесі үшін және өз тәуекелімен жүйелі түрде пайда алуға бағытталған қызметті кәсіпкерлік қызмет деп атауға болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Қазақстан Республикасының Конституциясы 1995 жылы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданған – [Электрон. ресурс]. - URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs> (жүгіну уақыты: 12.11.2024)
- 2 Райзберг Б. А., Лозовский Л. Ш., Стародубцев Е.Б. Современный экономический словарь. - М., 1996. – 487 с.
- 3 Финансово-кредитный энциклопедический словарь / под общ. ред. А. Г. Грязновой. - М.: Финансы и статистика, 2002.-387 с.
- 4 Ершова И. В. Экономическая деятельность: понятие и соотношение со смежными категориями // Lex russica. - 2016. - №9. - С. 46–61.
- 5 Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (Ерекіе бөлім) 1999 жылы 1 шілдедегі №409 Кодексі – [Электрон. ресурс]. - URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/> (жүгіну уақыты: 02.12.2024 ж.)
6. Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік Кодексі. 2015 жылы 29 қазан – [Электрон. ресурс]. - URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs> (жүгіну уақыты 02.12.2024)
- 7 Қыздарбекова А. С., Асетова Г. Б. Кәсіпкерлік құқық: Оқулық. - Алматы. ЖШС. РПБК «Дәуір», 2011 – 272 б.
- 8 Сейдахметов А. С., Елішбекова Қ. Ж., Измаханова А.Қ. Кәсіпкерлік: Оқулық. Қазақстан Республикасы Жоғары оқу орындарының қауымдастығы. - Алматы.: «Экономика», 2011. - 344 б.
- 9 Жилинский С.Э. Предпринимательское право. - М.: Норма; Инфра-М, 2000.- 374 с.
- 10 Предпринимательское право: Правовое сопровождение бизнеса: учебник для магистров / Р.Н. Аганина, В. К. Андреев, Л. В. Андреева и др.; отв. ред. И. В. Ершова. М.: Проспект, 2017 // СПС «КонсультантПлюс -234 с.
- 11 Мороз С.П. Кәсіпкерлік (шаруашылық) құқық [Электронный ресурс]: оқулық / С. П. Мороз. - Электрон. текстовые дан.(14,4Мб). - Алматы: Бастау, 2009. - 287 б.
- 12 Шувалов И. И. Правовое регулирование предпринимательской деятельности в период социально-экономического кризиса (теория и практика): диссертация доктора юридических наук / И.И. Шувалов. Москва, 2022. - 401 с.
- 13 Krseten J. *Deer Verfassungsstaat in der Corona-Krise* / J. Krseten, S. Rixen. 2 Auflage. Berlin: C.H. Beck, 2021. - 357 p.

References:

- 1 Қазақстан Республикасының Конституциясы 1995 жылы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданған – [Электрон. ресурс]. - URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs> (жүгіну уақыты: 12.11.2024)
- 2 Rajzberg B. A., Lozovskij L. Sh., Starodubcev E.B. *Sovremennyy jekonomicheskij slovar'*. - М., 1996. – 487 с.
- 3 *Finansovo-kreditnyj jenciklopedicheskij slovar'* / pod obshh. red. A.G. Grjaznoj. - М.: Finansy i statistika, 2002.-387 с.
- 4 Ershova I. V. *Jekonomicheskaja dejatel'nost': ponjatie i sootnoshenie so smezhnymi kategorijami* // Lex russica. - 2016. - №9. - S. 46–61.

5 Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (Ерексше бөлім) 1999 жылы 1 шілдедегі №409 Кодексі – [Jelektron. resurs]. - URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/> (zhyginu uaqyty: 02.12.2024 zh.)

6. Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік Кодексі. 2015 жылы 29 қазан – [Jelektron. resurs]. - URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs> (zhyginu uaqyty 02.12.2024)

7 Қыздарбекова А. С., Асетова Г. В. Кәсіпкерлік құқық: Оқулық. - Алматы. ZhShS. RPBK «Dәuir», 2011 – 272 б.

8 Sejdahmetov A. S., Elshibekova Қ. Zh., Izmahanova A.Қ. Кәсіпкерлік: Оқулық. Қазақстан Республикасы Жоғары оқу орындарының қауымдастығы. - Алматы.: «Jekonomika», 2011.- 344 б.

9 Zhilinskij S. Je. Predprinimatel'skoe pravo. - M.: Norma; Infra-M, 2000.- 374 s.

10 Predprinimatel'skoe pravo: Pravovoe soprovozhdenie biznesa: uchebnik dlja magistrrov / R.N. Aganina, V. K. Andreev, L. V. Andreeva i dr.; otv. red. I. V. Ershova. M.: Prospekt, 2017 // SPS «Konsul'tantPljus -234 s.

11 Moroz S.P. Кәсіпкерлік (sharuashylyқ) құқық [Jelektronnyj resurs]: оқулық / S. P. Moroz. - Jelektron. tekstovye dan. (14,4Mb). - Алматы: Bastau, 2009. - 287 б.

12 Shuvalov I. I. Pravovoe regulirovanie predprinimatel'skoj dejatel'nosti v period social'no-jekonomicheskogo krizisa (teorija i praktika): dissertacija doktora juridicheskikh nauk / I.I. Shuvalov. Moskva, 2022. - 401 c.

13 Krseten J. Deer Verfassungsstaat in der Corona-Krise / J. Krseten, S. Rixen. 2 Auflage. Berlin: C.H. Beck, 2021. - 357 p.

ҒТАХР 10.27.61
ӘОЖ 347.440.14

10.51889/2959-6181.2025.79.1.008

Б.М.Кошпенбетов¹ , Г.Б.Меурбекова^{1*} , Н.А.Ракысбаева¹ 
¹ Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
(e-mail: kbakitkali@mail.ru , *Meirbekova67@mail.ru, Nurgul_ist@mail.ru)

МЕМЛЕКЕТТІК ЗАЕМ ШАРТЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ СИПАТЫ

Аңдатпа

Мақалада мемлекеттік заем шарты институты және оның теориялық және практикалық мәселелері, оның заңнамалық көрінісі зерттеледі. Азаматтық-құқықтық шарттар жүйесінде мемлекеттік заем шарты институтын тәжірибелік қолдану заңдылықтары жайлы айтылады. Заем шарты бойынша «пайыз» ұғымының анықтамасы тұжырымдалады, оның мақсаты осы ұғымды азаматтық-құқықтық қатынастарда «пайыз» ұғымын пайдаланудың басқа жағдайларынан ажырату болып табылады.

Сондай-ақ, мақалада тиесілі пайыздарды өндіріп алу-тараптар мемлекеттік заем шартын жасасу салдарынан оларға жүктелген міндеттемелерді орындамаған кезде азаматтық-құқықтық жауапкершілік шарасы болып табылатыны туралы мәлімдемелер негізделген.

Сонымен қатар, мемлекеттік заем шартының азаматтық-құқықтық міндеттеме ретінде теориялық негізделген анықтамасы берілген. Заем шарты барлық басқа құқықтық институттармен тең дәрежеде өзара іс-қимыл жасайтын дербес институт ретінде қарастырылады.

Мемлекеттік заем шарты институты саласындағы азаматтық құқықтық қатынастарды реттейтін қазақстандық заңнаманы жетілдіру жөнінде теориялық негізделген ұсыныстар ұсынылады.

Түйін сөздер: шарт, банк, ақылылық, жеделдік, қайтарымдылық, пайыз, тұрақсыздық айыбы